

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.2 - Б. 66-67

## **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ ТЕРМИНДЕР ТАБИҒАТЫ**

*Есенгельдина Шұғыла  
С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ АЖ-20-06 тобының  
студенті*

Терминдер – белгілі бір ғылымның, техниканың, спорттың салаларына жататын сөздер. Терминдер бір ғана тура мағыналы сөз болып келеді. Терминдегі сөздердің басты қасиеті мынадай: а) ғылым мен техниканың әр саласына тән болуы керек. ә) термин сөздер дара бір мағыналы болуы керек. б) термин сөздердің көпшілігі дүние жүзі тілдерінің бәріне ортақ болуы керек. Жалпы, ғылым мен техниканың дамуы нәтижесінде қазақ тілінің лексикасы толығымен түсуде.

Ғалымдар ұсынған жіктелім бойынша терминдердің жасалу жолдары:

- Семантикалық тәсіл.
- Морфологиялық тәсіл.
- Синтаксистік тәсіл.
- Морфологиялық-синтаксистік тәсіл. [1, 123]

Семантикалық тәсіл сөздің жалпы қолданыстағы мағынасының терминденуін, кеңеюін, метафоралануын, метонимиялық тұрғыдан ауысуын, лексемалардың жүйелер арасында бір-біріне енуін, шет тілдік лексемелер мен терминдік элементтердің тілге енуін қамтиды.[2]. Метафоралық аударманың сәттісі ретінде қолданылатын айқұлақ терминін алуға болады. @ лигатурасы әр тілде әртүрлі аталады: ұлу (француз, беларус, украин, итальян), ит (орыс), маймылдың құйрығы (голланд), маймыл (поляк, хорват, румын), су ұйығы (жапон), тышқан (қытай) және т.б. Осылардың ішінде қазақ тіліне ұлудың бір түрі айқұлақ алынғаны тілге де жағымды, ұқсату жағынан да сәтті шыққан. жад (память) терминін алыңыз. Бұл қазақ сөзі делінгенімен ол қазақша емес. Қазақ тілінде сөздер б, д, г, ғ дыбыстарына аяқталмайды. Ал аяқтала қалса, олар п, т, к, қ қатаңдарына ауысып кетеді. Мысалы: баб>баптар, завод>зауыт, т.б. Сондықтан арабтың жад сөзіне ы қысаңын қосып (жад+ы) айтсақ қана немесе сөз соңындағы д дыбысын түсіріп, оның орнына т дыбысын қойып айтсақ қана ол қазақша болады. Жады сөзін жады+лар (жад+тар емес), жады+ның (жад+тың емес, жады+сы (жад+ы емес), т.б.

Семантикалық тәсілмен салыстырғанда өнімді қолданылып жүрген тәсіл – морфологиялық тәсіл. Түбірге қосымшалар жалғану арқылы жасалатын бұл тәсіл арқылы жасалған жаңа терминдер сан жағынан өте көп. Олардың

ішінде ұяшық сөзі ячейка түбірге қосымша жалғану арқылы жасалып, терминдік мәнге ие болып тұр. Сонымен қатар: жүгіртпе, батырма, сілтеме терминдері де морфологиялық жолмен жасалған терминдер болып табылады.

Синтаксистік тәсілмен: Пернетақта, қатты диск, ғаламтор терминдері сәтті жасалған. Қорыта айтқанда, термижасам қағидаларын үнемі сауатты қолданған жөн.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Гринев-Гриневиц С.В. Терминоведение. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2008.

2. Kenzhemuratova S.K. Abilhamitkyzy R.Nurzhanova A.S. ISSN:2249-8958 (Online), Volume-4 Issue-5, Page No.: 72-73, June 2015. The Impact Factor of JEAT is 1.121 for year 2015 SCOPUS

3. Кенжемұратова С.К.Халықаралық терминдердің қазақ тіліне ену кезеңі // Ғылыми мақалалар жинағы. — Астана, 2005. — 12–15-б.

*Жетекшісі: Қазақ және орыс тілдерінің доценті,  
ф.ғ.к., доцент А.С. Нұржанова*